

"Түркістан қаласын салу шеңберінде жұмыстар және көрсетілетін қызметтер сатып алынатын тұлғаларды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 3 маусымдағы № 362 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 тамыздағы № 644 қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" 2015 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабы 3-тармағының 56) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Түркістан қаласын салу шеңберінде жұмыстар және көрсетілетін қызметтер сатып алынатын тұлғаларды айқындау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 3 маусымдағы № 362 қаулысына мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген "Түркістан қаласын салу шеңберінде жұмыстар және көрсетілетін қызметтер сатып алынатын тұлғалар" деген қосымша мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 108-жолмен толықтырылсын:

"

| | | | | |
|-----|--|-----------------------------|---------------------------------------|--------------|
| 108 | "Әзірет Сұлтан" музей-қорығының аумағын абаттандыру бойынша жобалау-сметалық құжаттаманы (ЖСК) әзірлеу және оны іске асыру | жобалау-іздегіру жұмыстары | " ENVICON-A " (ЭНВИКОН-А) ЖШС | 071240002454 |
| | | инжинирингтік қызметтер | "Тұран құрылыс-1" ЖШС | 180240019409 |
| | | құрылыс-монтаждау жұмыстары | "Bazis Construction" ЖШС | 980540001197 |

"

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

А. Мамин